

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

СЕКЦИЯ 5
МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

ПОДСЕКЦИЯ 5.1
ЦИФРОВАЯ ДИПЛОМАТИЯ, МЕЖДУНАРОДНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ И
ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

УДК 327.7

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ
ДЕЗИНФОРМАЦИЯМЕН КҮРЕСУ САЯСАТЫ

Балапанова Жансая Армандақызы

jbalapanova02@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
Халықаралық қатынастар факультетінің бакалавриаты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Далелхан Айболат

Дезинформация – ақпарат саласындағы пластикті қоқыс тәрізді, жүздеген жылдарға созылып, қоршаған ортаны ластап келе жатқан жаһандық құбылыс. Оның үстіне, қазіргі таңда әлеуметтік медиа платформаларының көбеюімен, ол оңай әрі жылдам таралуда. Еуропалық Одақ айтылған қауіпті ескере отырып, бұл құбылысқа қарсы тұру үшін маңызды қадамдар жасауда. Алдыңғы қатарлы жаһандық актор ретінде ЕО-ның тәжірибесін зерттеп, талдау және оны ескеру біз үшін өзекті.

ЕО алғаш рет дезинформацияға 2014 жылы мән бере бастады. Оны Украинадағы «ақпараттық соғысқа» Ресейдің қатысы бар екенімен айыпталу кезінен байқаймыз. 2015 жылы Еуропалық Кеңес ЕО вице-президенті Федерик Могериниден Ресейде жалғасып жатқан дезинформация тарату компанияларымен күресу үшін стратегиялық коммуникациялық іс-қимыл жоспарын ұсынуды талап етті[1]. Соның нәтижесінде, 2015 жылы қыркүйек айында Еуропалық сыртқы әрекет қызметі аясында East StratCom мақсатты тобы құрылды. Дегенмен, айтулы қауіпке ЕО мүше-мемлекеттері бірден бірігіп әрекет етпеді. Олардың дезинформацияға қарсы қадамдары 2017 жылдан бастап айқын көрініс тапты. Мысалы, Ұлыбритания мен Чехия дезинформацияға қарсы тұру үшін жеке бөлімшелер құрды. Франция 2017 жылғы президенттік сайлау қарсаңында сайлауда кибершабуылдың алдын алу үшін қадамдар жасады. Басқа мемлекеттердің тәжірибесі Швецияның 2018 жылы қыркүйекте болатын жалпы сайлау алдында шетелдік араласуға қарсы маңызды шаралар қабылдауына да түрткі болды. Алайда, жалпы ЕО-ның дезинформацияға қарсы әрекетін күшейтуге COVID-19 пандемиясы да себеп болды. Мысалға, 5G мобильді желісі коронавирустың таралуын тездетеді деген жалған ақпарат ЕО бетпе-бет келген оғаш қастандық теорияларының бірі. Біртүрлі болса да, бұл онлайн-миф Еуропа үшін үлкен салдар әкелді. GSMA деректері бойынша, Нидерландыда – 22, Францияда – 17, Ирландияда – 3, Кипрде – 2, ал Бельгия, Италия мен Швецияда – 1, жалпы алғанда ЕО бойынша 45 байланыс мұнарасы өртенген[1]. Осыған байланысты, ЕО

құқықтық құжат негізінде әлеуметтік желілермен ынтымақтаса жұмыс жасап, COVID-19-ға қатысты жарнаманың төмендеуіне ықпалын тигізді.

ЕО-тың жауапкершілігі не міндетіне мүше-мемлекеттерді үйлестіру, олардың арасындағы коммуникацияны және тәжірибелерін нығайту бойынша ортақ көзқарас пен әрекеттер қалыптастыру және қолдау болып табылады. Бірақ ЕО-да дезинформациямен күресте жауапкершілік ең алдымен ЕО мүше-мемлекеттерінде жатқанымен, дезинформациямен күрес саясаттың әртүрлі бағытын қозғайтындықтан, ЕО-тың әртүрлі органдары жауапты. Мысалы, Еуропалық Кеңес, Еуропалық Парламент, Еуропалық Комиссия және Еуропалық сыртқы әрекет қызметі(ЕСӨК) органдары белсенді қызмет етуде. Сондықтан, ЕО-ның дезинформацияға қарсы іс-әрекетін талдарда, ең алдымен жауапты органдардың жұмысына көңіл бөлген жөн. Органдар шеңберінде EUvsDisinfo, East StratCom, Еуропалық цифрлық медиа обсерваториясы сияқты жұмыс топтары құрылды.

Сонымен қатар, аталған органдардың атқарған жұмыс нәтижесін Кесте 1-де көрсетілген бірқатар құжаттар тізімінен байқаймыз.

Кесте 1 - ЕО дезинформациямен күресудегі құжаттар тізімі

Құжат	Институт	Жыл
Гибридті қауіптерге қарсы тұрудың бірлескен бағдарламасы	Еуропалық Комиссия	2016
Еуропалық Парламенттің 2017 жылғы 15 маусымдағы онлайн платформалар мен цифрлық бірыңғай нарық туралы қарары	Еуропалық Парламент	2017
Гибридті қауіптермен күресу үшін тұрақтылықты арттыру және мүмкіндіктерді кеңейту туралы бірлескен хабарлама	Еуропалық Комиссия	2017
Дезинформацияға қарсы іс-қимыл жоспары	Еуропалық Комиссия	2018
Дезинформация бойынша практикалық Кодекс	Еуропалық Комиссия	2018
Коммуникация: Интернеттегі дезинформациямен күресу: Еуропалық көзқарас	Еуропалық Комиссия	2018
Коммуникация: ЕО-ның COVID-19 дезинформациямен күресу	Еуропалық Комиссия	2020
Сәуірдегі қарар бойынша орындалу туралы Есеп	Еуропалық Комиссия	2018
Дезинформация бойынша практикалық Кодекс	Еуропалық Комиссия	2022
Ескерту – автормен құрастырылған		

Қабылданған құжаттар ішіндегі салыстырмалы түрде тиімді әсер берген 2018 жылғы дезинформациямен күресу жөніндегі практикалық Кодекс. 2022 жылы құжатқа толықтырулар енгізіліп жаңартылған болатын. Аталмыш Кодекске Кесте 2-дегі салыстырмалы талдау және Кесте 3-те көрсетілген SWOT талдау арқылы қазіргі кездегі ЕО-тың дезинформациямен күресу саясатының сипатын көреміз.

Кесте 2 - ЕО-ның дезинформациямен күресудің 2018 және 2022 жылғы практикалық Кодексіне салыстырмалы талдау

	2018 жылғы практикалық Кодексі[3]	2022 жылғы практикалық Кодексі[4]
Тарихы	2018 жылы Еуропалық Комиссия компанияларды жалған ақпаратпен күресуде ынтымақтасуға ынталандыруға арналған алғашқы өзін-өзі реттейтін заңнамалық құжат болып табылатын ЕО Дезинформация бойынша практикалық кодексін жасады.	2022 жылдың 16 маусымында жалған ақпарат тарату практикасының кеңейтілген кодексіне қол қойылды және ұсынылды.
Келісуші тараптар	Жиырма бір компания осы Кодексті сақтауға келісті және бұл ережелер нақты шешімдерге әкелді. Практикалық кодексіне 2018 жылдың қазан айында Facebook, Google, Twitter және Mozilla онлайн платформалары, жарнама берушілер мен жарнама индустриясының басқа ойыншылары қол қойды. Майкрософт 2019 жылдың мамырында, TikTok Кодекске 2020 жылдың маусымында қол қойды.	2018 жылғы Кодексті қайта қарау процесіне қосылған 34 қол қоюшы дезинформация бойынша кеңейтілген тәжірибе кодексіне қол қойды және қабылдады. Бұл тек Google немесе Meta Facebook сияқты технологиялық алпауыттар ғана емес, сонымен қатар салалық қауымдастықтар (мысалы, DOT Europe) және онлайн-жарнамалық ұйымдар (IAB Europe сияқты), факт-тексерушілер мен азаматтық қоғам топтарын қоса алғанда, ойыншылардың әлдеқайда кең ауқымы.
Негізгі бағыттары	Кодекс онлайн платформалар арасындағы құрылымдық диалог үшін құнды негізді қамтамасыз етеді және олардың жалған ақпарат беру саясаты үшін үлкен ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз етеді. Бұл сонымен қатар жалған ақпаратқа қарсы тұру үшін тиісті мүдделі тараптардың нақты әрекеттері мен саясатындағы өзгерістерге әкелді.	Күшейтілген Практикалық Кодексінде 44 міндеттеме мен 128 нақты шара бар. Қол қоюшылар бірнеше салаларда әрекет етуге міндеттенді, мысалы: жалған ақпараттың таралуын демонетизациялау; саяси жарнаманың ашықтығын қамтамасыз ету; пайдаланушылардың мүмкіндіктерін кеңейту; фактчекерлермен ынтымақтастықты кеңейту; және зерттеушілерге деректерге жақсырақ қол жеткізу.
Ұқсастығы	ЕО-тың дезинформацияға қарсы екі практикалық кодексінде ірі технологиялық компаниялар қол қойған.	

	<p>Кодекс Жұмыс тобына және Кодексте қарастырылған әртүрлі кіші топтарға бақылаушы ретінде сыртқы сарапшылармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.</p>
Айырмашылығы	<p>2022 жылғы практикалық Кодексіне WhatsApp және Facebook Messenger, сондай-ақ Instagram Meta ұйымы арқылы тіркелді, бұл 2018 жылғы практикалық Кодекспен салыстырғанда (Facebook тек өзінің платформасына ғана қолданылған) оның қатысуының кеңеюін көрсетеді.</p> <p>Жаңа Кодекс тіркелу үшін ашық болып қалады және Комиссия тізімнің ұлғаюына үміттенуде.</p> <p>Ең үлкен өзгеріс - еуропалық дезинформацияға қарсы практикалық кодексі ЕО платформасын цифрлық қызметтер туралы заңға(ЦҚЗ) сәйкес реттеуге байланысты болады және сәйкес келмейтін компаниялар үшін үлкен қаржылық айыппұлдарды талап етеді. Кодекс ЦҚЗ анықтаған өте үлкен онлайн платформалардан алты ай сайын мүше мемлекеттер деңгейінде дезинформация туралы есеп беруді және ашықтық орталығын жаңартуды, сондай-ақ олардың Кодекске сәйкестігі үшін тәуелсіз аудиттер жүргізуге міндеттеме алуды талап етеді.</p>
Ескерту – автормен құрастырылған	

Кесте 3 - ЕО-ның дезинформациямен күресудің практикалық Кодексіне SWOT талдау

S (күшті тұстары)	W (әлсіз тұстары)
<ol style="list-style-type: none"> 1. Дезинформацияны демонетизациялау 2. Платформалар «манипуляциялық мінез-құлық, субъектілер мен олардың қызметтеріне тыйым салынған әдістер туралы ведомствоаралық түсіну» туралы келісім 3. Платформалар мен басқа мүддесі бар тараптар арасындағы ынтымақтастық 4. Ірі платформалармен серіктестік 5. Саяси жарнаманың ашықтығын қамтамасыз етеді 6. Фактілерді тексерудің ауқымы мен әсері кеңейтілді 	<ol style="list-style-type: none"> 1. ЕО ішіндегі әртүрлі құқықтық дәстүрлері 2. БАҚ еркіндігін белгілі бір мөлшерде шектейді 3. Платформалар мен зерттеу қауымдастығы арасында құрылымдық ынтымақтастық жоқ
O (мүмкіндіктер)	T (қауіптер)
<ol style="list-style-type: none"> 1. Дезинформациямен күрестегі тұрақты жұмыс тобын қалыптастыру 2. Дезинформациямен күрестегі нормативтік базаны қалыптастыруы 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сөз бостандығына және ақпараттық плюрализмге қауіп төндіреді 2. Қол қойғандардың еркін түрде кодекстен шығып кетуі 3. Әлемдік деңгейде көтерілуі
<i>Ескерту – автормен құрастырылған</i>	

SWOT талдау нәтижесі бойынша, ЕО-ның дезинформациямен күресудің практикалық Кодексінің күшті тұстары мен мүмкіндіктері әлсіз тұстары мен қауіптерінен қарағанда 8:6

есебімен басым. ЕО-ның дезинформациямен күресу стратегиясының негізінде Кодекс интернеттегі жалған ақпараттың таралуын шектеудің, соның ішінде сайлау кезеңдері кезінде де, Украинадағы соғыс, COVID-19 пандемиясы сияқты дағдарыстарға да жылдам әрекет етудің тиімді құралы екенін көрсетеді.

ЕО дезинформациямен күресу саясатын қорытындылай келе, бүгінгі күнге дейінгі атқарған жұмысы айтарлықтай нәтижелер көрсеткенің байқаймыз. Дегенімен, дезинформацияның практикалық кодексі, дезинформация жөніндегі іс-қимыл жоспары, East StratCom және т.б жұмыс топтары сияқты құралдарды құру ЕО үшін қиын болды және бұл тек шектеулі жетістіктері деп қараймыз. Сонымен қатар, ЕО алдағы уақытта қарастыру қажет жұмыстары бар деп есептейміз. Мысалға, ЕО институттары аясында үйлестіру саласында әлі де көптеген күрделі мәселелер бар. ЕО күтілетін нәтижелер туралы мәлімдеме, цифрлық платформалар үшін есеп беру механизмі және нәтижелерді тәуелсіз тексеру үшін аудит тетігі негізделген реттеу процесін құру маңызды. Сонымен қатар, ЕО әлеуметтік медианы манипуляциялау нарығындағы реттеуші араласуды, соның ішінде дезинформацияны демонетизациялауды зерттеу қажеттігін атап өткіміз келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ресейге қарсы іс-қимыл жоспары / [Электрондық ресурс] URL: <https://www.german-foreign-policy.com/en/news/detail/6804>
2. The Mobile Economy Europe 2021 / [Электрондық ресурс] URL: https://www.gsma.com/mobileeconomy/wp-content/uploads/2021/09/GSMA_ME_Europe_2021_R_Web_Singles.pdf
3. Дезинформация бойынша 2018 жылғы практикалық Кодекс / [Электрондық ресурс] URL: <https://digital-strategy.ec.europa.eu/en/library/2018-code-practice-disinformation>
4. Дезинформация бойынша 2022 жылғы практикалық Кодекс / [Электрондық ресурс] URL: <https://digital-strategy.ec.europa.eu/en/policies/code-practice-disinformation>

UDC 327.3

INTERNATIONALIZATION OF HIGHER EDUCATION IN KAZAKHSTAN

Amankulova Zhansaya Kurbanalikyzy

amankulova2611@gmail.com

Bachelor student of the Faculty of International Relations,
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
Supervisor – Dalelkhan A.

In the context of globalization, among the undoubted advantages of the development of higher education in Kazakhstan over the years of independence can be attributed internationalization, which is defined as the process of integrating an international, intercultural or global dimension into the goals, objectives or methods of delivering higher education. Internationalization contributes to increasing accessibility, universalization of knowledge, the emergence of international quality standards and the development of the innovative nature of higher education, as well as the expansion of cross-border activities of universities, strengthening international cooperation and enhancing academic and student mobility.